

Нұр – Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті
Ислам ілімдері факультеті
Дінтану кафедрасы

Тақырып 7. Адам философиясы және құндылықтар әлемі.

Мақсат: Батыс философиясындағы адам мәселелерінің ерекшеліктері.

Дәріс тезистері:

1. Философиялық антропологияның негізгі ерекшеліктері
2. Антропоциогенез проблемасы.

Адам болмысы философиядағы басты проблемалардың бірі болып табылады. Адамның табиғаты, мәні, бағыт-бағдары философиядағы антропологиялық мәселелердің өзектілігін және ерекшелігін анықтайды. Адамның философиялық концепциясы ғылымдардың жалпы философияның негізі ретінде көрініс бере отырып, еңбек, сана, ұжымдылық деген сияқты адамның тектік мәнінің негізгі формаларын талдайды. Мұнда антропосоциогенез процесінде сананы, сонымен бірге заттық-практикалық қызметті қалыптастыратын негізгі факторлар болып табылатын тіл мен еңбектің роліне көп көңіл бөлінеді. Адамның тіршілігін үйлестіруге, оның құндылығы мен мәнін анықтауға деген ұмтылыстар идеалды адам концепцияларында жүзеге асырылып, философияда гуманистік дәстүрді тудырды. Адамның индивидуалды тіршілігінің ақыры, өмірі, өлім және өміршеңдік /бессмертия/ мәселелері, «өлуге құқылы» / Эвтаназия/ мәселесі, адам өмірінің әлеуметтік және биологиялық және әлеуметтік жалғастығы сияқты философиялық гуманизмнің классикалық мәселелері қазіргі заманымызда да актуальды. Бірыңғай әлемдік қауымдастықты қалыптастырып, дамыту сияқты интеграциялық процестер қазіргі заманда адамзат тағдырын ғаламдық тұрғыдан қарастыруды біргеілі идеясын адам мен адамзаттың бір-біріне өзара қарым-қатынасының философиялық негіз етіп алады. Адам туралы алғашқы идеялар философия пайда болғаннан көп уақыт бұрын айтыла бастады. Бұл туралы біздің заманымызға жеткен мифтер мен алғашқы қауымдық діни түсініктер мәлімет берді. Адамды философиялық тұрғыда түсінудің іргетасы осы қалыптасқан түсініктер, идеялар, образдар мен ұғымдар негізінде және қалыптаса бастаған философия мен мифология арасындағы сұхбат нәтижесінде қаланды. Дәл осылайша адам туралы алғашқы ілімдер ежелгі Шығыс мемлекеттерінде пайда болды. Адамдардың антропологиялық жалпы белгілері бойынша топтасқан бірлестігі – нәсіл деп аталады. Нәсіл – шығу тегіне және әртүрлі тұқым қуалайтын ерекшеліктеріне байланысты бірлескен – адамдар тобы.

Ру – алғашқы қауымның экономикалық қатынасының барысында туыстық байланыстармен топтасқан адамдар бірлестігінің түрі. Рудың экономикалық негізі жерге деген қоғамдық меншіктік қатынас.

Алғашқы қауымдық құрылыстың маңызды қауымдастық түрі – тайпа болды. Ол – белгілі бір территорияда тұратын, ортақ тілі, діні, әдет – ғұрпы

бар рулар мен рулық қауымдастықтың одағы. Тайпаның ыдырауына мүліктің окшаулану мен ақсүйектердің жіктелуі, қолбасылар рөлінің артуы себеп болды. Рулық қатынастардың товарлық қатынастармен алмасуына байланысты тайпалар халықтарға біріге бастады.

Әр ұлттың өзіне тән менталитеті болады. Менталитет – қазақша, «діл» деген ұғыммен барабар. Менталитет дегеніміз – ұлттың «қоршаған әлемді белгілі бір кейіппен, қалыпта сезіну, түйсіну, түсіну және іс - әрекеттер жасау мақсатында қордаланған табиғи – тарихи дайындықтары мен ыңғайларының жүйесі» деп жазды С.Е.Нұрмұратов.

А.Айтиалиев философия және саяси ойлар тарихында этнос болмысын белгілі бір бастаулармен байланыстыру орын алғандығын атап көрсетеді. Оған биологиялық, географиялық, діни, экологиялық, мәдени, тіл, таптық тағы басқалар жатады. Осы сипаттағы барлық теориялардың жинақтап, сұрыптап, саяси - әлеуметтік және табиғи – биологиялық тұжырымдамалар деп екіге бөле отырып, ғалым Л.И.Гумилевтің пассионарлық теориясын ерекше атап өтеді.

4) Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5) Әдебиет:

1. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Мырзалы С. Философия: оқулық . 2011. - 672 бет.
4. Нысанбаев, Ә. Ғылым тарихы және философиясы: оқу құралы Алматы : Эверо, 2013
5. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны/ Научн.редактор Кенжетай Д. – Астана, 2018. – 496 с.

6) Бақылау сұрақтары:

1. Батыстық философиядағы адам мәселесі.
2. Тарих философиясындағы бостандық мәселесі.
3. Философиядағы тұлға мәселесі.
4. Адам, тұлға, индивид.